



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттарына**

2022 жылғы 28 қыркүйектегі
№ДС-268/с

Құрметті депутаттар!

Сіздердің бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы кейбір мәселелер бойынша депутаттық сауалыңызды қарап, мынаны хабарлаймын.

Бүгінгі күні бұқаралық ақпарат құралдары (*бұдан әрі-БАҚ*) және әрбір мемлекеттік органның әлеуметтік желілердегі аккаунттары арқылы әрбір орталық және жергілікті атқарушы мемлекеттік органның жүргізіп жатқан жұмысы мен қабылданатын шешімдері туралы ресми ақпаратты жеткізу жұмысы жолға қойылған.

Орталық коммуникация қызметінің алаңында тұрақты негізде мемлекеттік органдардың жұмысын түсіндіру бойынша брифингтер өткізіледі. Жыл басынан бері 247 брифинг өткізілді.

Елімізде ақпараттық кеңістікте ведомстволардың ақпараттық жұмысын әрқилы түсіндіруді болдырмауға және өзекті ақпаратты халықтың назарына жеткізуге мүмкіндік беретін орталықтандырылған ақпараттық саясатты іске асыру жөнінде бірыңғай кешенді тәсіл әзірленді.

Жүйелі негізде мемлекеттік ақпараттық саясаттың және барлық мемлекеттік органдардың ақпараттық жұмысының тиімділігіне талдау және бағалау жүргізіледі.

Осы мақсатта Үкімет жыл сайынғы негізде Республикалық бірыңғай медиа жоспар (*бұдан әрі – БМЖ*) әзірлейді. БМЖ-ның негізгі мақсаты – мемлекеттік органдар жұмысының бірыңғай ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру және Мемлекет басшысының бастамалары мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің қызметін кеңінен жария ету.

Сонымен қатар Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Мемлекеттік қызмет істері агенттігімен бірлесіп, басшылық құрамының БАҚ-пен өзара қатынастарының арнайы дағдыларына қалыптастыру жұмыс жүргізіліп, мемлекеттік қызметшілер үшін БАҚ-пен өзара қатынас орнату жөнінде арнайы әдістемелік ұсыныстар әзірленуде.

ҚР Президентінің 2021 жылғы 20 сәуірдегі №560 Жарлығымен орталық мемлекеттік органдарда баспасөз хатшыларының мәртебесі С-3 санатынан С-1 санатына дейін көтерілді, жалақы мөлшері ұлғайтылды. Бұл өз кезегінде мемлекеттік органдарда тиісті позициялардың тартымдылығын арттырды.

«Алтын сағат» қағидасына сәйкес мемлекеттік органдардың БАҚ-тағы және әлеуметтік желілердегі жағымсыз және резонансты тақырыптарға уақтылы ден қою бойынша жұмысы жолға қойылды. Дағдарыс жағдайын анықтау қорытындысы бойынша уәкілетті органдар әртүрлі алаңдарда жедел ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізеді.

Фейк ақпаратты анықтау бойынша жұмыстар жүргізілуде. Өз кезегінде жалған ақпарат анықталған жағдайда мемлекеттік органдар ресми ақпаратты дайындауды және оларды БАҚ пен әлеуметтік желілерде кеңінен таратуды жедел ұйымдастырады.

Мессенджерлерде және әлеуметтік желілерде фейктерді анықтау және теріске шығару үшін Stopfake.kz арнайы сайты жұмыс істейді.

Жоба «Медиа үшін Медиа» қағидаты бойынша жұмыс істейді. Шетелдік әріптестерді қоса алғанда, барлық отандық ірі басылымдар күн сайын сайттағы материалдардан дәйексөздер келтіреді.

Анықтама ретінде: ағымдағы жылдың басынан бастап 743 фейк, оның ішінде 5G форматының зияны, технологиялар мен ұялы байланыс, сондай-ақ төлемдер, жалған ұтыс ойындары және қаржыға, банктер мен министрліктердің жұмысына, сондай-ақ интернет кеңістігіндегі алаяқтыққа байланысты жалған ақпарат теріске шығарылды.

Сонымен қатар биылғы жылдың қыркүйегінде ЕІ.kz базасында «Анықта» деп аталатын бейне жоба іске қосылды. Онда қоғамда резонанс тудырған оқиғаларға немесе материалдарға шынайы баға беріледі. Фейктерді жариялауды болдырмау үшін ресми БАҚ редакциялары ақпараттың фактчекингін күшейтті.

Үкімет анық емес ақпаратты жедел анықтау және жоққа шығару бойынша барлық қажетті шараларды қабылдауда.

Сонымен қатар, ақпарат саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бұқаралық ақпарат құралдарының, оның ішінде интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілердің өнімдеріне Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылу негіздерін анықтау тұрғысында мониторинг жүргізуді тұрақты негізде жүзеге асырады.

Жыл басынан бері жалған ақпаратты тарату бөлігінде 3741 бұзушылық фактісі, оның ішінде фишингтер мен алаяқтық ресурстарға қатысты 3322 факт анықталды.

Бұдан басқа, Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі заңнаманың бұзылуы анықталған жағдайда «Байланыс туралы» ҚР Заңының 41-1-бабы 3-1-тармағының талаптарына сәйкес интернет-ресурстың әкімшілігінің мекенжайына анықталған бұзушылықты жою қажеттілігі туралы және хабарламаны алған кезден бастап алты сағат ішінде тиісті материалдарды жою жөнінде шаралар қабылдау туралы хабарлама жібереді.

Бұзушылықтар жойылмаған жағдайда, уәкілетті органның нұсқамасы негізінде «Байланыс туралы» ҚР Заңының 41-1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы аумағында интернет-ресурсқа қолжетімділік шектеледі.

Аталған механизм әмбебап болып табылады және телекоммуникациялар желісі бойынша Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынған ақпаратты таратудың барлық жағдайларына қолданылады.

Сонымен қатар құқыққа қайшы контентті жою бойынша өзара іс-қимылды күшейту үшін әлеуметтік желілер мен мессенджерлер әкімшіліктерімен өзара іс-қимыл жасау жолға қойылған.

Қолданылып жүрген заңдарға сәйкес танымал әлеуметтік желілер мен мессенджерлердің әкімшіліктері бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы уәкілетті органмен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі өзінің заңды өкілін тағайындауға міндетті.

Бүгінгі таңда «Facebook» («Facebook» және «Instagram»), «ВКонтакте», «YouTube» және «ТikTok» компаниялары Қазақстанда өздерінің заңды өкілдерін айқындады.

Бұдан басқа, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы Қазақстан халқына Жолдауын іске асыруда Үкімет БАҚ саласында жаңа және қазіргі заманғы жүйені, сондай-ақ осы салада мемлекеттік реттеудің тиімді тетігін құру мақсатында «Масс-медиа туралы» Заңның жаңа жобасын әзірлеу бойынша жоспарлы жұмыс жүргізуде.

Аталған заң жобасы шеңберінде мемлекеттік ақпараттық тапсырыс тетігін түбегейлі өзгерту ретінде бірқатар елеулі реформаларды қабылдау жоспарлануда. Журналистік қоғамдастықтың қызметін реттеу, мемлекеттің бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара қатынасу орнату жасауы мәселелеріне ерекше назар аударылуда.

Жалпы, құқықтық реттеу тетіктері сөз бостандығына кепілдік беруге, барлық конституциялық құқықтардың сақталуын ескере отырып, заңда тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақпаратты еркін алуға және таратуға, сондай-ақ елдің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталатын болады.

Осыған байланысты, Мемлекет басшысының 2022 жылғы 6 сәуірдегі тапсырмасына сәйкес Үкімет шетелдік БАҚ-тың теңгерімді ықпалына, елдің ұлттық мүдделерін ескере отырып, кешенді сипаттағы стратегия мен озыңқы қарсы шараларға бағдарланған ақпараттық-идеологиялық доктрина әзірлеуде.

Үкімет жүйелі негізде БАҚ саласының тиімділігін арттыру бойынша кешенді жұмыс жүргізуде. Аталған бағытта жұмыс жалғасуда және тұрақты бақылауда.

Ә. Смайылов